

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Сандықтау ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 тамыздағы № 32/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 тамызда № 7323 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 4/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 30.03.2021 № 4/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 139 бабының 9 тармағына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Сандықтау ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2017 жылғы 25 тамыздағы № 13/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6083 тіркелген, 2017 жылғы 29 қыркүйекте "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап

қолданысқа енгізіледі және 2019 жылдың 1 қантарынан бастап түйндаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*  
*Аудандық мәслихатының  
хатшысы*  
**"КЕЛІСІЛДІ"**  
*Сандықтау ауданының әкімі*

*A.Джейранов*  
*C.Клюшников*  
*A. Үйсімбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК